"ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА МИНИСТРЛІГІ ТАБИҒИ МОНОПОЛИЯЛАРДЫ РЕТТЕУ, БӘСЕКЕЛЕСТІКТІ ЖӘНЕ ТҰТЫНУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ КОМИТЕТІНІҢ АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ДЕПАРТАМЕНТІ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "ДЕПАРТАМЕНТ КОМИТЕТА ПО РЕГУЛИРОВАНИЮ ЕСТЕСТВЕННЫХ МОНОПОЛИЙ, ЗАЩИТЕ КОНКУРЕНЦИИ И ПРАВ ПОТРЕБИТЕЛЕЙ МИНИСТЕРСТВА НАЦИОНАЛЬНОЙ ЭКОНОМИКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН ПО АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ"

**БҰЙРЫҚ** **ПРИКАЗ**

08.06.2018ж № 180-НҚ

Талдықорған қаласы город Талдыкорган

## «Текелі Су құбыры» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының суды таратушы желілер арқылы беру және сарқынды суды бұру қызметтеріне уақытша өтемдік тарифті бекіту туралы

«Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 14-1-бабындағы 1-тармағының 1) тармақшасы, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2016 жылғы 23 қарашадағы № 484 бұйрығымен бекітілген Уақытша өтемдік тарифті бекіту жөніндегі қағидаларына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Текелі Су құбыры» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының:

1.1. қоса беріліп отырған № 1 қосымшаға сәйкес суды таратушы желілер арқылы беру және сарқынды суды бұру қызметіне тұтынушы топтары бойынша сараланған тарифтері;

1.2. қоса беріліп отырған № 2, 3 қосымшаға сәйкес суды таратушы желілер арқылы беру және сарқынды суды бұру қызметтеріне уақытша өтемдік тарифтері;

1.3. қоса беріліп отырған № 4 қосымшаға сәйкес суды таратушы желілер арқылы беру және сарқынды суды бұру қызметтеріне есепке алу аспаптары жоқ тұтынушылар үшін ақы мөлшері тиісінше бекітілсін.

2. «Текелі қаласы «Текелі Су құбыры» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының таратушы желілер арқылы суды беру және сарқынды суды бұру қызметтеріне ұзақ мерзімді кезеңге тарифтерінің шекті деңгейін және тарифтік сметаларын төмендетіп бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің Алматы облысы бойынша департамент басшысының 2018 жылғы 8 маусымдағы №164-НҚ бұйрығының қолданылуы тоқтатылсын және «Текелі Су құбыры» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының суды таратушы желілер арқылы беру және сарқынды суды бұру қызметтеріне уақытша өтемдік тариф бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқығын қорғау комитетінің

ҚҰЖАТТАР ҮШІН

000642

Алматы облысы бойынша департамент басшысының 2018 жылғы 24 қаңтардағы № 19-НҚ бұйрығының күші жойылсын.

3. Табиғи монополиялар және бағаларды реттеу бөлімі осы бұйрықты «Текелі Су құбыры» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының назарына жеткізсін.

4. Талдау және ұйымдастыру жұмысы бөлімі осы бұйрықтың көшірмесін Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетіне ұсынсын.

5. Осы бұйрықтың орындалуын өзім бақылаймын.

6. Осы бұйрық, 2018 жылдың 1 тамызынан бастап қолданысқа енгізілетін осы бұйрықтың 1, 2-тармақтарын қоспағанда, қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Департамент басшысының орынбасары** **Г. Шарапиева**

"ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА МИНИСТРЛІГІ ТАБИҒИ МОНОПОЛИЯЛАРДЫ РЕТТЕУ, БӘСЕКЕЛЕСТІКТІ ЖӘНЕ ТҰТЫНУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ КОМИТЕТІНІҢ АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ДЕПАРТАМЕНТІ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "ДЕПАРТАМЕНТ КОМИТЕТА ПО РЕГУЛИРОВАНИЮ ЕСТЕСТВЕННЫХ МОНОПОЛИЙ, ЗАЩИТЕ КОНКУРЕНЦИИ И ПРАВ ПОТРЕБИТЕЛЕЙ МИНИСТЕРСТВА НАЦИОНАЛЬНОЙ ЭКОНОМИКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН ПО АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ"

**БҰЙРЫҚ** **ПРИКАЗ**

22 маусым 2018 ж. № 225-НҚ

Талдықорған қаласы город Талдыкорган

**«Текелі Су құбыры» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының суды таратушы желілер арқылы беру және сарқынды суды бұру қызметтеріне уақытша өтемдік тарифті бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің Алматы облысы бойынша Департаментінің 2018 жылғы 08 мамырдағы № 180-НҚ бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитеті төрағасының 2014 жылғы 13 қазандағы № 8-НҚ бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің Алматы облысы бойынша департаменті туралы ережесінің 19-тармағының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

1. «Текелі Су құбыры» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының суды таратушы желілер арқылы беру және сарқынды суды бұру қызметтеріне уақытша өтемдік тарифті бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің Алматы облысы бойынша Департаментінің 2018 жылғы 08 мамырдағы № 180-НҚ бұйрығының №1, №2, №3, №4 қосымшалары осы бұйрықтың №1, №2, №3, №4 қосымшаларымен тиісінше өзгертілсін.

3. Табиғи монополиялар және бағаларды реттеу бөлімі осы бұйрықты «Текелі Су құбыры» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының назарына жеткізсін.

4. Талдау және ұйымдастыру жұмысы бөлімі осы бұйрықтың көшірмесін Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетіне ұсынсын.

5. Осы бұйрықтың орындалуын өзім бақылаймын.

6. Осы бұйрық, 2018 жылдың 1 тамызынан бастап қолданысқа енгізілетін осы бұйрықтың 1, 2-тармақтарын қоспағанда, қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Департамент басшысының орынбасары** **Г. Шарапиева**

000823

пост. 25.06.2018 г. 17⁰⁵

Приложение № 1 к приказу Департамента Комитета по регулированию естественных монополий, защите конкуренции и прав потребителей Министерства национальной экономики Республики Казахстан по Алматинской области № 225-ОД от "22" июня 2018 года

**Наименование субъекта: ГКП "Текелі Су құбыры"**

***Дифференцированные тарифы по группам потребителей на услуги водоснабжение***

| № | Группы потребителей | Утверждено уполномоченным органом |
|---|---|---|
| 1 | Население | 43,37 |
| 2 | Бюджетные организации и теплоснабжающие предприятия | 65,23 |
| 3 | Прочие хозяйствующие субъекты и население без ПУ | 84,87 |

***Дифференцированные тарифы по группам потребителей на услуги водоотведение***

| № | Групны потребителей | Утверждено уполномоченным органом |
|---|---|---|
| 1 | Население | 30,54 |
| 2 | Бюджетные организации и теплоснабжающие предприятия | 44,93 |
| 3 | Прочие хозяйствующие субъекты и население без ПУ | 63,99 |